

Ұжымдық бағбаншылық бойынша комиссия құру туралы

Күші жойғал

Алматы қаласы Әкімінің 1999 жылғы 30 сәуірдегі N 386 шешімі. Алматы қалалық Әділет басқармасында 2000 жылғы 11 қыркүйекте N 183 тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы Әкімінің 2004 жылғы 16 қаңтардағы N 1/33 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы қаласы Әкімінің 16.01.2004 N 1/33 қаулысымен.

Бағбаншылық ұжымдарының қызметін үйлестіру, олардың есебін жүргізуді реттеу және жерді пайдаланушылардың жерге қатынастарын хаттауға жәрдемдесу мақсатында Алматы қаласының Әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Ұжымдық бағбаншылық бойынша тұрақты жұмыс істейтін комиссия құрылсын (N 1 қосымша).

2. Комиссия туралы Ереже бекітілсін (N 2 қосымша).

3. Комиссияның жұмыс органы болып "Садовод" ЖШС белгіленсін.

4. Аудандардың әкімдері, қалалық комитеттер мен басқармалардың, кәсіпорындар мен ұйымдардың басшылары комиссияның қызметіне көмек көрсетсін.

5. Қала Әкімінің 1995 жылғы 3 тамыздағы "Алматы қаласындағы кәсіпорындардың, мекемелердің және ұйымдардың бағбаншылар серіктестіктерінің қызметін үйлестіру жөніндегі Кеңес құру туралы" N 167 Қаулысының күші жойылды деп танылсын.

6. Осы шешімнің орындалуын Алматы қаласының Әкімінің бірінші орынбасары Я.И. Заяцқа жүктелсін.

Алматы қаласының Әкімі

В. Храпунов

Алматы қаласы Әкімінің
1999 жылғы 30 сәуірдегі
N 386 шешіміне
N 1 қосымша

Ұжымдық бағбаншылық бойынша Комиссияның ҚҰРАМЫ

1. Заяц Я.И. - комиссия төрағасы, Алматы қаласы Әкімінің бірінші орынбасары

2. Шарышов А.М. - комиссия төрағасының орынбасары, "Садовод" ЖШС-нің директоры

Комиссия мүшелері

3. Серғазин М.Ш. - Алматы қаласы Әкімінің аппараты құрылыс бөлімінің меңгерушісі

4. Мәметов А.А. - "Алматықалакадастр" КМК Бас жоспар және қала құрылысы кадастры орталығының бастығы

5. Шишкина И.И. - Алматы қаласы бойынша Салық комитетінің бөлім бастығы

6. Ыбыраев Б.К. - "Алматыжеркадастр" КМК директорының орынбасары

7. Антоненко Д.В. - Бағбаншылар ұжымының төрағасы

8. Валенцев Н.В. - Бағбаншылар ұжымының төрағасы

9. Веркинский П.А. - Бағбаншылар ұжымының төрағасы

10. Дударев В.Н. - Бағбаншылар ұжымының төрағасы

11. Макаренко Б.В. - Бағбаншылар ұжымының төрағасы

12. Шаров Э.А. - Бағбаншылар ұжымының төрағасы

13. Шукшин Б.Н. - Бағбаншылар ұжымының төрағасы

Алматы қаласы Әкімінің
1999 жылғы 30 сәуірдегі
N 386 шешіміне
N 2 қосымша

Ұжымдық бағбаншылық бойынша комиссия туралы ЕРЕЖЕ 1. Жалпы ережелер

1.1. Ұжымдық бағбаншылық бойынша комиссия (әрі қарай -"комиссия") бағбаншылар ұжымдарының қызметін үйлестіру, олардың есебін жүргізуді реттеу және жерді пайдаланушылардың жерге қатынастарын хаттауға жәрдем көрсету мақсатында құрылды.

1.2. Комиссияның құрамына бағбаншылар ұжымдарының төрағаларын, мекемелер мен ұйымдардың өкілдері енеді және комиссияға Алматы қаласы Әкімінің бірінші орынбасары жетекшілік етеді.

1.3. Комиссия өз жұмысында Қазақстан Республикасының Заңдарын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулыларын, Алматы қаласы Әкімінің шешімдерін және осы Ережені басшылыққа алады.

2. Комиссияның негізгі міндеттері және өкілеттіктері

2.1. Ұжымдық бағбаншылықтың қызметіне талдау жасау, оны өркендету бойынша шараларды әзірлеу және жүзеге асыру.

2.2. Ұжымдық бағбаншылық бойынша ақпараттық орталық құру.

2.3. Ұжымдық бағбаншылық үшін бөлінген жерлердің пайдалануына талдау жасау, пайдаланылмай отырған қолайлы жерлерді қайта бөлу туралы ұсыныстар енгізу.

2.4. Ұжымдық бақтарды ұйымдастыруға арналған жер учаскелерін таңдау бойынша ұсыныстар дайындау және таңдауға қатысу.

2.5. Бағбаншылыққа арналған жер учаскелеріне деген сұраныс нарығын зерттеп білу және жүзеге асыру.

2.6. Бағбаншылар ұжымдары аумақтарының шекараларын анықтау және келісу, бағбаншылыққа арналған жер учаскелеріне құқықтарды хаттау және қайта хаттау, бақ учаскелеріндегі құрылыстарды бағалау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру.

2.7. Бағбаншылар ұжымдарды, бірлестіктер мен қауымдастықтарды ұйымдастыру, жарғыларын әзірлеу және оларды белгіленген тәртіпке сәйкес тіркеу.

2.8. Ұжымдық бағбаншылық қызметін реттейтін әдістемелік ұсыныстарды әзірлеу.

2.9. Бағбаншылық ұжымның қызметін үйлестіру.

2.10. Бағбаншылық ұжымдардан, мекемелерден және ұйымдардан ұжымдық бағбаншылық ұжымдар жайында мәліметті сұрастыру және алғызу.

2.11. Бағбаншылық саяжай учаскелерінің үйлерін тұрғын үйлер қатарына аудару жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу.

2.12. Бағбандардан артылған азық-түліктерді сатып алу жөніндегі шараларды ұйымдастыру және оларды балалар үйлеріне, балалар бақшасына, мектептерге және ауруханаларға жөнелту.

2.13. Бағбаншылардың заңдар мен нормалық-құқықтық актілерді бағбаншы ұжымдардың жарғысын орындау жөніндегі шараларды өткізу, жер қыртысын және табиғи шикізаттарды ұтымды пайдалану.

2.14. Бағбан ұжымы басқармасының жиналыстарына, мәжілістеріне қатысуы.

2.15. Ұжымдық бағбаншылар аумағын көгалдандыру, құқық қорғау шараларын ұйымдастыру.

2.16. Ұжымдық бағбаншылық мәселелері жөніндегі азаматтардың, мекемелердің және ұйымдардың өтініштерін бағбан ұжымы басқармасының шешімдерін қарастыру.

2.17. Бағбан ұжымдарына қызмет көрсетуді ұйымдастыру.

3. Комиссия жұмысының тәртібі

3.1. Комиссияға төраға басшылық етеді. Ол болмаған жағдайда төрағаның орынбасары басшылық етеді.

3.2. Комиссия мәжілісі қажетіне қарай айына бір рет өткізіліп тұрады.

3.3. Комиссия мәжілістері арасында ұжымдық бағбаншылық мәселелерімен "Бағбан" ЖШС комиссиясының жұмыс органы шұғылданады.

Қажет болған жағдайда оның жұмыс органы жұмысқа әртүрлі мамандарды тарта алады, уақытша еңбек ұжымдарын құрады.

3.4. Комиссия, оның жұмыс органы бағбандардың бағбан ұжымдары атқарушы органдарының орындауларына міндетті шешімдер қабылдайды.

Ұжымдық бағбандық маңызды мәселелер бойынша Алматы қаласы Әкімінің шешімі немесе өкімі әзірленеді.